Зерттеу нысаны (объектісі) - педагогикалық іс-әрекеттің теориялық және тәжірибелік жүйесі арқылы қабылданады. Кез-келген зерттеудің негізгі мақсаты- осы нысанын жетілдіруге бағытталады. Зерттеу бойынша алынған жаңа компоненттер, байланыс нысанның құрлымын зерттеу пәнін құрайды. Зерттеу бағытын таңдау үшін теория мен тәжірибенің дамуын, бүгінгі таңдағы педагогикалық идеяларды оқып, талдау жасап, өзінің тұжырымы мен мақсатқа бағытталған идеяларын анықтап алуы қажет.

Зерттеу жұмысының барысында қалыптасатын міндеттер:

- зерттеу жұмысының проблемасын анықтау, (тақырыбы, бағыты, мақсаты, негізгі сұрақтар);
- тақырып таңдауда зерттеу саласын анықтау, проблемаға қарағанда кең, ауқымды болуын қалағалау;
- ғылыми болжам құру, болжамды тәжірибеде немесе экспериментте тексеру, нәтижені дәлелдеу [5].

Педагогикалық зерттеулердің негізгі ұғымдарын анықтап алу: Эксперимент (тәжірибе) – нысанды арнайы ұйымдастырылған ықпал арқылы өзгерту. Ол теориялық идеядан соң өткізіліп, бөлінген фактордың ықпалын анықтайды. Зерттеу мақсатына сай жаңа жағдайлар жасау жолымен педагогикалық құбылыстарға белсенді түрде ықпал жасау үшін қолданылатын педагогикалық зерттеу әдісі болып табылады. Педагогикалық эксперимент - эксперименттің ерекше түрі ретінде оқу - тәрбие үрдісінде қолданылатын технология, әдіс, тәсілдердің, жаңа мазмұнның салыстырмалы тиімділігін анықтау үшін жүргізіледі. Экспериментті жоспарлау - эксперименттің ресурстық қамту бойынша жұмыстарды жүйелеу (кадрлар, ақпараттық, материалдық – техникалық, финанс), экспериментке қатысушылар санын анықтау, экспериментке қатысушыларды іріктеу тәсілдерін нақтылау және бақылау мен басқаруға баса назар аудару қажет.

Зерттеу мақсаты – бұл зерттеулерден күтілетін соңғы нәтиже.

Зерттеу міндеті – алға қойылған болжамға сәйкес мақсатқа жету жолдары мен амалдарын таңдау. Ол мақсатты жүзеге асырудағы қадамдар, алдымен қандай мәселеге көңіл бөлу керек, одан кейінгі не болуы қажет келесі кезекте нені шешу керек т.б. Міндет қою зерттеулер мақсатын шағын мақсаттарға бөлшектеумен негізделеді. Жұмыста алға бірнеше мақсат қойылуы мүмкін.

Зерттеу әдістемесі – бұл педагогикалық құбылыстарды зерттеу әдісі, заңды байланыстар, қатынастарды белгілеу мақсатында

ғылыми ақпараттар алу және ғылыми теорияны құрау.

Қарама-қайшылықтар дамуының қозғаушы күші болып табылады. Оларды жай түрде қалыптастыруға болмайды. Олар зерттеу нысаны мәнінен туындайды.

Зерттеу нысаны – бұл проблемалық жағдайды тудыратын үрдіс немесе құбылыс. Мысалы: тәрбие, білім, даму, жеке тұлғаның, ұжымның қалыптасуы.

Тәрбиеші зерттеу мәдениетін қалыптастыруда өз тәжірибесінде төмендегідей екі бөлімді дұрыс рәсімдей білуі керек. Бірінші бөлім теориялық болып табылады, ол 2-3 бөлімшеден тұруы мүмкін. Бұл бөлімде ғылыми, заңнамалық, статистикалық, практикалық және басқа да әдеби дереккөздерге шолу жасау негізінде зерттелетін мәселенің теориялық аспектілері мен алғышарттары қарастырылады. Бұл бөлімде әдеби дереккөздерді қарастыру барысында қарастырылып отырған мәселенің тірек ұғымдары, теориялық және әдістемелік негіздері ашылып, зерттеліп отырған тақырып бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың әртүрлі көзқарастарына салыстырмалы баға беріліп, қойылған міндеттерді зерделеу мен шешуге өзіндік көзқарасы мен үлесін анықталады. (әр тармақша 10-15 бет)

Екінші бөлім – тәжірибелік мұнда жұмыста қолданылатын мақсатқа, принциптерге және тәсілдерге сәйкес қорытындылау, ұсыныс беріледі. Бұл бөлім 2-3 бөлімшеден тұруы мүмкін, онда зерттелетін мәселенің теориялық және практикалық талдауы негізінде зерттелетін объектінің кемшіліктері анықталады, осы саладағы ерекшеліктері мен шешілмеген проблемалары, одан әрі даму перспективалары қарастырылады. Әзірлеу, сондай-ақ зерттеу объектісін бақылау мен қызметті ұйымдастырудың жекелеген бағыттарын жетілдірудің басқа да ықтимал жолдары айқындалады. Бұл бөлімде зерттелетін мәселе контекстіндегі іс-әрекеттерге енгізу бойынша практикалық ұсыныстар болуы мүмкін [5].

Зерттеу мәдениетін қалыптастыруда тәрбиеші зерттеу жүргізудің әдістерін тиімді пайдалана білудің маңызы зор. Атап айтқанда:

Әдебиетті зерделеу, контент-талдау.

Педагогикалық тәжірибені жинақтау

Зерттеліп отырған мәселе төңірегінде әдеби қайнар көздерді зерделеу (философиялық, тарихи, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық) зерттелудегі нысанның жағдайын сипаттауға, алғашқы ұғым қалыптастыруға, зерттеу бағыты туралы бастапқы тұжырым жасауға, негізгі ойды, шешілмеген мәселелерді, жауабы табылмаған сұрақтарды айқындауға мүмкіндік жасайды.

Теориялық негіздеудегі ізденіс: ғылым дегенміз не, ғылыми зерттеулердің негізгі топтары, әдіснама, педагогикалық әдіснама, зерттеу жүргізудің негіздемесін (ғылыми аппарат) дайындайды. Зерттеу әдістерін тиімді пайдалану: педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге және нормативтік құқықтық құжаттарды талдайды және жинақтайды (мемлекеттік стандарт, бағдарлама, оқу әдістемелік кешендер, әдістемелік нұсқаулар), озық педагогикалық тәжірибелерді зерделейді. Балалардың іс – әрекетіне бақылау жасап,, эксперимент, сауалнама жүргізеді, алынған деректерді математикалық есептеу арқылы өңдейді.

Балалармен зерттеу жүргізе білу: Зерттеу проблемасы мен бағытын анықтау. Зерттеу тақырыбын таңдау. (зерттеу міндеттерін анықтау). Зерттеу әдістерін анықтау. Зерттеуді жүргізу. (ақпараттарды жинау және өңдеу, бақылау, эксперимент). Алынған материалды талдау және тарату(алынған материалды белгілі бір ережелер мен тәсілдерді қолдана отырып құру). Қортындылау. Есеп беруге дайындалу (негізгі түсініктерге анықтама беру, зерттеу нәтижелері бойынша хабарлама жасау). Презентацияны жариялау (қорғау және сұрақтарға жауап беру). Аяқталған жұ-

мыс қортындысын талқылау. Рефлексия.

Зерттеулердің нәтижесін тәжірибеге енгізу жолдары – педагогикалық зерттеудің ең басты қорытындысы болып есептеледі. Зерттеулердің нәтижесін тәжірибеге енгізу – бұл тұтас комплексті шаралар жиынтығы. Үздіксіз, бір ізді, мақсатты түрде жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде айқындалған заңдылықты, педагогикалық басылымдар, арнайы ғылыми баяндамалар арқылы методикалық құралдар, оқулықтар жасау арқылы мектепке дейінгі ұйымдардың озық тәрбиесімен дәлелденіп, тиімділігі жан-жақты айқындалған зерттеулердің кепілі болуы керек [6].


Педагогикалық жаңалықтарды, озат тәжірибені, ғылыми-теориялық концепцияларды зерттеу, эксперименттік жұмыстар арқылы байқаудан өткізіп, тексеріп, оның нәтижелерін шығару тиімділігін көрсету, педагогикалық ынтымақтастық идеясын жүзеге асыру – қазіргі балабақшаның, педагогикалық ғылымның, әрбір педагогтің борышы.

Ойымды қорытындылай келе, өз тәжірибемде түсінгенім мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші педагогтардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруда теория мен тәжірибені терең меңгеріп, зерттеуші-педагогтердің ең тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіріп, тәжірибеде сынақтан өткізуде педагогикалық экспериментті сауатты жүргізуді меңгеру қажет. Нәтижеге қол жеткізуде оқытудың көптеген жаңа технологияларын тиімді пайдалана алуға дағдылану және оны дәйекті дәлелдеу арқылы әдістемелік еңбектер әзірлеу, әдістемелік бағыттағы мақалалар жариялау, семинар, конференцияларда баяндау арқылы өз кәсіби біліктілікті арттыру, құзіреттілікті үнемі дамытып отыру ең тиімді жол деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Таубаева Ш.Т Исследовательская культура. Алматы. Қазақ университеті, 2016. – 423 с
2. Скаткин М.Н. Методология и методика пед. Исследования. В помощь начинающему исследователю. М.1986.С98-101
3. Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық / Ш. Таубаева. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020– 360 б.

4. Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Шымкент, 2003, 112б.
5. Теория и практика педагогического эксперимента. Под.Ред. А.Ц.Пискунова, Г.В.Ковальев. М. 1979. С12-27.
6. Асқаров, Е.С. Ғылыми зерттеулердің негіздері: оқу-әдістемелік құрал .-Алматы, 2005.



БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДА ОЙЫН ТҮРЛЕРІ МЕН ЕРТЕГІЛЕРДІ, ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛДАНУ



Бауыржан Арайлым Бауыржанқызы

№21 «Алпамыс» бөбекжай – балабақшасының
тәрбиешісі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы



Түйін сөздер: ойынға қажеттіліктер, қимыл-қозғалыс, ертегі тыңдау, бақылау, пайдалы іс-әрекет, жаңа нәрсе жасау, зерттеу, танымдық белсенділікке қажеттілік.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнына сәйкес балабақшада ойын түрлерін қолдану, ертегі оқып беру, зерттеу әрекеттері арқылы балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру міндеті жүзеге асырылып жатыр. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер қимыл-қозғалыс ойындарынан басталып, қызығушылық орталықтарындағы қызықты жұмыстармен, орталықтарда кітап қараумен, еркін ойындармен жалғасын табады.

Топтағы кітап бұрыштарындағы ертегі кітаптар мен суретті жинақтарды тиімді қолдану арқылы баланың сөздік қорын дамыту менің тәжірибемде нәтиже беріп отыр деп айта аламын. Мысалы: өзім өткізген ұйымдастырылған іс-әрекетті «Күн шуағы» тыныс алу ойынынан бастадым. Себебі, дұрыс тыныс алу баланың сөйлеу тілін дамыту үшін өте маңызды. Өйткені тыныс алу жүйесі сөйлеу жүйесінің энергетикалық негізі болып табылады. Тыныс алу- дыбысты айтуға, артикуляцияға және дауыстың дамуына әсер етеді. Ойынның шарты бойынша балалар күн әрқашан жер бетіне жарқырап шуағын шашып тұрсын деп, күнді үрлеп айналдырады. Ол үшін алдымен демді ішке тартып, түтікше арқылы күн шуақтарына үрлейді. Аталған ойынға балалар қызығып қатысты.

Одан соң «Мобильді кітапхананы» пайдаланып, «Сынған құмыра» атты ертегіні оқып

бердім. Жалпы, зерттеу қорытындылары бойынша баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру және есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің орны ерекше екен.

Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі «ертегілер» деп жазылған. Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқылған ертегі мазмұнын талқылап, балаларға сұрақтар қойдым: ертегі не туралы деп ойлайсың? Сынған құмыраның көңіл-күйі неге түсті? Құмыра неден жасалды? Тағы басқа сұрақтарды қойып, балалардың ертегі мазмұнын түсінгенін білдім. Тәрбиеленушілер өз ойларын еркін жеткізді. Сондай-ақ, мен өз іс-тәжірибемде халықтық педагогиканы заманауи әдістермен ұштастырып пайдаланамын. Осы орайда балалардың тілін дамыту, сөздік қорын кеңейту мақсатында мақал-мәтелдерді «Мнемо кесте» арқылы айтқызым. Бірнеше тәрбиеленушісі суретке қарап, берілген мақал-мәтелдерді айтып берді. Мысалы: «Жер-қазына, Су-алтын», «Ағаш-жапырағымен, Жер-топырағымен», «Туған жердің топырағы да ыстық».

Жоспарым бойынша зерттеу жүргізу кезеңіне өттім. Зерттеу кезінде балалардың ойлау, есте сақтау дағдылары дамып, зейіннің тұрақтылығы қалыптасады. Қоршаған ортамен және ондағы заттардың атауымен, міндеттерімен танысады. Сол себепті, балаларды топырақ туралы қызықты мәліметтер

білу үшін зерттеу алаңына жинадым. «Бұл не?»-деген сұрақ қойдым. Балалар «Топырақ, жер, құм» - деген жауаптарын айтты. Ұлғайтқыш әйнектер беріп, соның көмегімен топыраққа қарауды ұсындым. «Топырақтың түсі қандай? «Қолымызбен ұстап көрейік, топырақ қатты ма, жұмсақ па?»- деген сұрақтарға балалар әр тұстан жекелеп, шулап жауаптарын берді. Ертегідегі құмыраның неден жасалғанын да сұрадым. Артынша, тәжірибе жасауға көштім.

1-тәжірибе

Бірінші тәжірибеде бір қасық топырақты балалардың алдарындағы мөлдір суға салып, араластыруды ұсындым. «Не байқадық балалар? «Судың түсі өзгерді ме?»- деген сұрақтар қойдым. «Балалар, судың түсі жаман болғанын, лай болғанын» жарыса айтып, жауап берді. Содан кейін балаларға судың бетін, содан соң судың түбін араластыруды тапсырдым. «Суды араластырғанда не байқадыңдар? Қандай айырмашылықты сездіңдер?» - деген сұрақтарыма «Судың бетін тез араластырдым, судың түбін араластыру қиын» - деген т.б. жауаптарын алдым.



2-тәжірибе

Екінші тәжірибе алаңында балалардан ыдыстағы суға топырақтан салып араластыруды және не байқағандарын сұрадым. Балалар судың бетіне топырақтың шыққанын айтты. Бұл қалқып шыққан топырағымыздың құрамындағы қара шірінділер, яғни өсімдік қалдықтары екенін түсіндірдім. Осыдан соң балаларға майлыққа бір қасық топырақ салып, оны алақандарымен қысуды сұрадым.

Олардың нені байқағандарына тәжірибе жасадым. Бұл кезде балалар майлықтарының су болғанын байқап, маған көрсетті. «Бұл дегеніміз топырақтың құрамында су бар дегенді білдіреді»- деп түсіндірме жұмысын жасадым. «Енді жәй ғана топырақты алақанымызға салып қысайық. Қандай айырмашылықты байқап тұрсыңдар?»-деп сұрағанымда, топтағы Аңсар топырағымыздың көлемі қысқан соң кішірейіп қалғанын айтты. Мен балаларға топырақ құрамында

ауа болғанын айтып түсіндірдім.



Жалпы іс-әрекет барысында балаларға жетелеуші сұрақтар қойып, сөйлеуіне, артикуляциялық және дыбыстық аппараттарының дамуына ықпал жасаймын. Сонымен бірге ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгертуде ұсақ қол моторикасының маңызы зор екенін де байқадым. Осы орайда бала-

ларға «Мүсінші» ойынын ойнауға ұсыныс жасадым. Балалар ермексаздан, тұзбен түрлі-түсті қамырдан, жасанды құмнан (кинетический песок) мүсіндер және саздан қыш құмыра жасады. Бұл ойын балаларға ұнап, шығармашылық дағдылары, танымдық қабілеттері мен қызығушылықтары артты.



Қорытынды кезеңде үстел-үсті театры арқылы «Түлкі мен тырна» ертегісін оқып бердім. Содан соң, балаларды өз қалаулары бойынша еркін ойынға жіберіп, бақыладым. «Сынық құмыра» тақырыбында өткен ұйымдастырылған іс-әрекеті балаларға ұнады.



Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хат.

ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАЗАХСТАНА ВЫХОДИТ НА НОВЫЙ ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ



Карасёва Наталья Викторовна
Руководитель ГДРЦ г.Алматы

Аннотация. В сегодняшнем меняющемся мире важна способность педагога обучаться, развиваться, слушать и слышать детей, задавать вопросы, искать доказательства, критически анализировать и проводить творческие эксперименты. Педагоги призваны быть активными исследователями и создателями новых, инновационных форм работы с детьми. Вместе с тем, меняются требования к развитию и обучению детей, в соответствии с актуальными научными данными и современными вызовами. С целью трансляции передового педагогического опыта, профессионального развития педагогов дошкольных организаций, их методической поддержки в городе Алматы создан и успешно работает Городской дошкольный ресурсный центр на базе КГУ «Научно-методический городской центр новых технологий в образовании» Управления образования г. Алматы.

В рамках Дорожной карты по реализации «Программы развития города Алматы до 2025 года и среднесрочных перспектив до 2030 года» в июле 2023 года был создан Городской дошкольный ресурсный центр. Целями центра являются: внедрение в дошкольные организации современных, инновационных технологий, повышение качества и трансформация дошкольного образования. Деятельность дошкольного центра включает основные направления – методическое сопровождение, развитие инновационных образовательных проектов, авторских программ и технологий в практику дошкольных организаций города. Разработаны и утверждены Концепция и Положение Городского дошкольного ресурсного центра.

Центр оказывает методическую поддержку педагогам дошкольных организаций города, содействует педагогам в целях обмена опытом, повышения квалификации, самореализации, в том числе в области инклюзивного образования. Методисты центра принимают активное участие в педагогических конференциях, семинарах, тренингах. Ресурсный центр работает над созданием электронной базы данных педагогов горо-

да - ежеквартально проводится аналитика и сбор данных. Также, мы работаем над формированием электронного банка инновационного педагогического опыта.

Центр разработал и реализует в 34 дошкольных организациях г. Алматы инновационный проект «Перезагрузка: международный уровень», созданный по итогам зарубежных стажировок в Сингапуре и Англии. В июле 2023 года 25 руководителей ДО прошли зарубежную стажировку в Сингапуре. В ноябре 2023 г. 10 руководителей прошли стажировку в Англии. После поездок были разработаны проекты. Проектная документация утверждена и прошла экспертизу на Экспертном совете ГЦНТО, в состав которого входят PhD, кандидаты наук, профессора, магистры, старшие преподаватели ВУЗов и сертифицированные проектные менеджеры.

Основная цель проектов - внедрение лучшего опыта детских садов Сингапура и Англии. 14 проектов разработаны по теме экологического воспитания дошкольников; 10 проектов направлены на развитие у детей языковых компетенций, развитие социальных навыков детей дошкольного возраста

через взаимодействие с родителями; 3 проекта направлены на создание комфортной предметно-пространственной развивающей среды для организации детской деятельности; 7 проектов рассчитаны на развитие коммуникативных навыков. Все проекты направлены и на вовлечение родителей в воспитательно-образовательный процесс. Из них, три проекта «Экологиялық тәрбие», «Үштік одақ - бала бақыты», «Детективті зертхана» были представлены на республиканском семинаре для дошкольников «Современные технологии в дошкольном образовании: ключевые проблемы и эффективные результаты». Методистами ГДРЦ проводятся регулярные встречи с руководителями и участниками проектных работ, ведется мониторинг. В данный момент идет подготовка материалов к изданию методического пособия по проектной деятельности.

Управление образования г.Алматы создает все условия для повышения квалификации педагогов. Так, в целях повышения качества дошкольного образования, Управлением образования города Алматы в 2023 году были организованы курсы повышения квалификации для 2305 педагогов ДО - 50 руководителей, 50 методистов, 1732 воспитателей, 41 преподавателей казахского языка, 90 логопедов, 139 музыкальных руководителей, 107 педагогов- психологов, 96 инструкторов по физической культуре. К проведению занятий по программе курса были привлечены 57 тренеров-экспертов, в том числе 18 международных экспертов-тренеров из 10 стран мира - Германия, США, Финляндия, Швеция, Италия, Сингапур, Малайзия, Норвегия, Польша, Россия. Таким образом, 78 % педагогов дошкольных организаций в 2023 году были охвачены курсами повышения квалификации.

Кроме того, 12 методистов города Алматы получили сертификаты экспертов по применению шкал ECERS-3, как инструмента самооценки и повышения качества образовательной среды. В 2024 году планируется обучить 70 руководителей, 150 методистов, 150 специальных педагогов и 70 психологов.

Также, для педагогов был проведен конкурс на лучшую авторскую программу и 10 педа-

гогов-призеров посетили дошкольные организации Москвы. Кстати, одна из призеров – педагог Ясли-сада № 109 г. Алматы Поплавская Я.А. разработала авторскую программу «Использование лого-робота в STEM технологии», и в данный момент специалисты ГДРЦ оказывают ей поддержку в подготовке программы к экспертизе.

От реализации проектов в рамках большой программы «Перезагрузка: международный уровень» ожидаются положительные результаты. Это внедрение передовых методов и практик в дошкольных организациях г.Алматы; улучшение качества образовательного процесса и услуг для детей и родителей; формирование каталога проектов; организация стажировочных площадок в г. Алматы; разработка методических пособий. Индикаторами успеха станут: увеличение уровня удовлетворенности родителей услугами дошкольных организаций и количества партнерских мероприятий между организациями и родителями, а также снижение числа жалоб и конфликтов между родителями и персоналом дошкольных организаций.

Еще одним прорывным шагом стало создание в 2023 году единого городского развивающего цифрового портала «AlmatyKids.kz», с 100% подключением к нему государственных ДО. Миссия «AlmatyKids.kz» - методическая поддержка педагогов и качественное развитие детей дошкольного возраста. Сайт создан ГЦНТО г.Алматы с целью обеспечения педагогов дошкольных организаций города современными образовательными технологиями. Цифровая образовательная платформа включает 7 разделов.

Сотрудники ГДРЦ приняли активное участие в деле создания и работы портала. С декабря 2023 по февраль 2024 года ГДРЦ провел объемный мониторинг наполняемости цифрового контента «AlmatyKids.kz», организовал 26 пилотных детских садов в целях апробации сайта. 200 педагогов ДО г.Алматы приняли участие в апробации образовательной платформы «AlmatyKids.kz». По ее итогам руководители пилотных садов предоставили рекомендации, предложения и выводы. Педагоги и родители оставили отзывы о цифровом контенте.

ГДРЦ организовал формирование электронных списков педагогических работников в 194 государственных дошкольных организациях города в количестве 3945 аккаунтов для подключения к развивающему цифровому контенту. Проведена городская презентация для детских садов.

Важная функция сайта - вовлечение родителей в процесс детского развития, установление партнерских отношений. В 2023 г. 7900 родителей получили бесплатный доступ к обучающему, развивающему материалу и цифровому аудио-видео контенту на казахском, русском и английском языках – это 2000 разработок интерактивных заданий, игр, упражнений и других видео материалов, способствующих развитию памяти, мышления, математической грамотности, элементарной грамотности и развитию речи, а так же логического мышления детей дошкольного возраста. С декабря 2023 по февраль 2024 года 55 родителей приняли участие в апробации платформы «AlmatyKids.kz», по итогам апробации родители оставили положительные видео-отзывы о цифровом контенте на YouTube канале Городского дошкольного ресурсного центра - GDRC. В 2024 году планируется предоставить доступ к сайту для 8500 родителей, в 2025 году – для 10000 родителей воспитанников дошкольных организаций г. Алматы.

Для родителей имеется доступ к обучающему, развивающему материалу и цифровому аудио-видео контенту на казахском, русском и английском языках – это 2000 разработок интерактивных заданий, игр, упражнений

и других материалов способствующих развитию памяти мышления, математической грамотности, элементарной грамотности и развитию речи, логического мышления.

Сотрудниками ГДРЦ подводится еженедельная статистика активных пользователей платформы «Almatykids.kz». Подготовлены и опубликованы видеоинструкции для пользователей на государственном и русском языке на YouTube канале. Своевременно обновляются и пополняются материалы сайта.

В октябре 2024 года планируется организация стажировочных площадок по проектам «Перезагрузка: международный уровень», Республиканская научно –методическая конференция по обмену опытом на тему «Проектная деятельность в организациях дошкольного воспитания и обучения города Алматы». В конце года планируется провести финальный семинар по проектам, Городской конкурс на «Лучший инновационный проект года» и «Лучшего проектного менеджера», интеллектуальную игру «Эрудит» среди руководителей государственных дошкольных организаций. Создание городского дошкольного ресурсного центра является прогрессивным шагом и послужит повышению эффективности деятельности дошкольных учреждений города Алматы и качественному дошкольному образованию. Я верю, что нашими общими усилиями, стараниями всех, кто работает в сфере дошкольной педагогики, дошкольное образование Казахстана выйдет на новый высокий уровень.

Список использованных литератур

1. Модель развития дошкольного воспитания и обучения: Постановление Правительства от 15 марта 2021 г. № 137. – 2021.
2. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023-2029 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249. – 2023
3. О статусе педагога. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI ЗРК.

РОЛЬ НЕЙРОФИЗИОЛОГИЧЕСКИХ ИГР И УПРАЖНЕНИЙ В РАЗВИТИИ ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА



Синявская Елена Витальевна
методист КГКП «Ясли-сад № 3»
отдела образования города Рудного»
Управления образования
акимата Костанайской области



Аннотация. В статье обозначена важность развития межполушарного взаимодействия, как особого механизма объединения левого и правого полушария в единую интегративную, целостно работающую систему. Одним из вариантов межполушарного взаимодействия является работа двумя руками одновременно, в процессе чего активизируются оба полушария, и формируется сразу несколько навыков.



Ключевые слова: гимнастика для мозга, нейрофизиологические игры и упражнения, особые образовательные потребности.

В настоящее время ни у кого не осталось сомнений в том, что современные дети не такие, какими были их сверстники несколько десятилетий назад. Причина этих изменений в окружающем мире, как в предметном, так и социальном, в методах воспитания в семье, в родительских установках, все это приводит к психологическим изменениям. В современном мире становится всё больше детей с ЗПР, страдающих нарушениями опорно-двигательного аппарата, с различными речевыми проблемами. Этим детям тяжело осознавать, воспринимать и выполнять сложные инструкции.

Наряду с этим, в современном обществе проблема сохранения и укрепления здоровья детей очень актуальна сегодня. Современная жизнь предъявляет высокие требования к ним, соответствовать которым могут только здоровые дети. Здоровье ребенка, его социально-психологическая адаптация, нормальный рост и развитие во многом определяются средой, в которой он живет конечно же, детские образовательные организации, в которых ребёнок находится

большую часть дня.

Сейчас появляется много современных прогрессивных методик в системе образования. Жизнь совершенствуется и нам нужно идти в ногу со временем. Одним из актуальных направлений внедрения в коррекционный процесс является использование нейрофизиологических технологий.

Эффективность нейрофизиологического подхода доказана наукой и практикой, он корректирует работу нарушенных психических процессов (внимания, памяти, мышления, речи), эмоционально-волевой сферы ребёнка через движение, посредством межполушарного взаимодействия.

Межполушарное взаимодействие – это особый механизм объединения левого и правого полушария в единую интегративную, целостно работающую систему. Одним из вариантов межполушарного взаимодействия является работа двумя руками одновременно, в процессе чего активизируются оба полушария, и формируется сразу не-

сколько навыков.

Замечено, что при выполнении определённых физических действий образуется огромное количество нейронных связей и как следствие, повышается способность к обучению. Помочь в этом могут нейрофизиологические игры и упражнения. Воздействие нейрофизиологических игр и упражнений имеет как немедленный, так и накапливающий эффект, они являются здоровьесберегающей и игровой технологией.

Головной мозг ребенка созревает к шести годам, и постепенно прекращает формироваться в подростковом возрасте. Период активного развития головного мозга (до 6 лет) наиболее оптимален для коррекции его деятельности.

Нейрофизиологические игры и упражнения – это эффективнейшая методика, позволяющая без использования медикаментов, помочь детям при различных видах нарушений, таких как: недоразвитие речи, ЗПР (задержка психического развития), СДВГ (синдром дефицита внимания и гиперактивность), аутизм, умственные и эмоциональные нарушения

Для детей с особыми образовательными потребностями подобная методика полностью безопасна, не вызывает никаких нежелательных проявлений. При правильном и квалифицированном подходе удастся достичь высоких результатов.

Преимущества использования нейроигр:

- игровая форма обучения
- эмоциональная привлекательность
- многофункциональность
- автоматизация звуков в сочетании с двигательной активностью
- формирование стойкой мотивации и познавательных интересов
- формирование партнерского взаимодействия между ребенком и педагогом

Задачи нейрофизиологических игр и упражнений:


- Стимулировать развитие памяти и мыслительной деятельности
- Развивать мелкую и крупную моторику
- Улучшать физические навыки, в частности выполнение симметричных и асимметричных движений, соблюдение равновесия, подвижность плечевого пояса, ловкость рук и кистей, пространственные представления, координацию
- Развивать слуховое и зрительное внимание.
- Повышать продуктивную работоспособность
- Совершенствовать эмоциональные навыки
- Обучать умению проявлять творческие способности в процессе игры.

Работая над этой темой, можно создать свою, универсальную подборку нейрофизиологических игр и упражнений, с помощью которых можно добиться комплексного подхода в развитии детей. Такие тренировки позволяют развивать эмоциональные навыки, сделать ребенка менее подверженным стрессу и более коммуникативным, научат его проявлять свои творческие способности в процессе игровой деятельности, а затем – и в образовательной деятельности. Гимнастика для мозга – это еще и способ уменьшить появление дислексии, (нарушения навыков чтения).

Развивать мозг необходимо с дошкольного возраста, тогда в школе и во взрослой жизни ребенку удастся избежать массы проблем, связанных с работой на компьютере, управлением автомобилем, каким-либо иным сложным устройством; он сможет полностью раскрыть свой внутренний потенциал и стать успешным.

Список использованных литератур

1. Глазман Ж. М., Потанина А.Ю., Соболева А. Е. «Нейропсихологическая диагностика в дошкольном возрасте», - [2008г.]
2. Деннисон П., Деннисон Г. Гимнастике мозга: простые упражнения для активизации обоих полушарий / П. Деннисон, Г. Деннисон. – Санкт – Петербург: Весь СПб, [2015. – 320 с.]
3. Дубровина И.В. Лисина М.И. Возрастные особенности психического развития детей. М., [1982.]
4. Семенович А.В. Введение в нейропсихологию детского возраста: Учебное пособие. – М.: Генезис, [2005.]
5. Цветкова Л.С., Семенович А.В., Котягина С.Н., Гришина Е.Г., Гогберашвили Т.Ю.. Актуальные проблемы нейропсихологии детского возраста: Учебное пособие/– М.: [2001.]



ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕ ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Бердыханова Фариза Мейрамқызы

Алматы қаласы, Түрксіб ауданы
№167 бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі



Аңдатпа. Аталған мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетте ойын түрлерін қолданудың теориясы мен тәжірибесі баяндалған. Ойынның түрлері, ойын әрекетінің ерекшелігі атап көрсетілген. Тәрбиеші өз тәжірибесінде ойын түрлерін таңдап, шығармашылықпен тиімді қолдану арқылы жұмысының нәтижесіне жетудегі ойындардың топтамасын ұсынған.



Түйін сөздер: ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын түрлері, ойынның мақсаты, ойынның түпкі ниеті, ойын әрекеті, ойын ережесі.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын - балалар үшін айна-ланы танып, білу тәсілі, олар ойында алған білімдері мен түсініктерін қолданады.

Бала жалғыз ойнағанның өзінде ойын-шықтармен сөйлесіп жүреді, ол ойынға қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен анасының, науқас адам мен дәрігердің және басқалардың атынан сөйлейді.

Ойын барысында балалардың бір-бірімен сөйлесуінің маңызы зор. Сөйлесу арқылы олар құрдастарының пікірін тыңдайды, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды, бұл балалар арасында өзара түсіністік пен достықтың қалыптасуына септігін тигізеді.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны; ойын әрекеттері, рольдер; ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасын анықтайтын және реттейтін ереже белгілейді. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді, оның мазмұнын толықтырады

және қарым-қатынастың дамуын жақсартады. Сонымен бірге ойын ережесі жасқаншақ, ұялшақ балалардың ойынға белсенді қатысуына көмектеседі [3].

Ойын баланы ұқыптылыққа үйретеді, өз бетінше әрекет етуге баулиды. Ойынды ұйымдастыруда тәрбиеші ойынға жетекшілік ете отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттардың атауларын, қасиеттерін, сапасын есте сақтауға ықпал етеді.

Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін қолданудың мәні зор. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырғанын балалардың ынтамен тыңдап, жақсы меңгеруіне көмектеседі.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар алдын ала дайындалып, ыңғайлы жерге қойылуы керек.
2. Ойынды бастамас бұрын оның ережесін балаларға түсіндіру қажет.

Ойынға топтағы балалардың қатысуын қамтамасыз ету керек.

Ойынның барысында тәрбиеші балалардың

қатысуын қадағалаумен қатар, оларды ойын үстінде шешім қабылдай білуге, ойлана білуге жетелеуі керек. Ойын түрлері ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келсе оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып

білуге үйретеді. Осылайша бала бағдарламадағы міндеттерді меңгереді [4].

Мен өз тәжірибемде ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын түрінде өткізгенді жөн көремін. Себебі, ойын арқылы бала материалды тез ұғынады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданылған ойын түрлері арқылы балалардың есте сақтауын, қиялын, қабылдауын, сөйлеуін дамытуға, зейінін тұрақтандыруға арналған ойындар топтамасын ұсынып отырамын.

«Сиқырлы тастар»

Мақсаты: Сандарды ретімен тура, кері санауға үйрету. Ұсақ моториканы дамыту; зейін қоюды, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Ойынның шарты: Балалар сандықтан суреттері бар карточкалар алады. Бала сол карточкада бейнеленген санды түрлі –түсті тастар арқылы қойып шығады және санайды.

Қажетті құралдар: сандық, түрлі - түсті тастар, карточкалар.




| | | | |
|----|----|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 |
| 17 | 18 | 19 | 20 |

«Оюлы құрақ»

Мақсаты: геометриялық пішіндерден оюлы құрақ көрпешелер құрастыру арқылы ойлауға, есте сақтауға және шығармашылыққа дағдыландыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Ойынның шарты: карточкада берілген сызба бойынша геометриялық пішіндерден ою құрақ көрпеше құрастырады. Бір немесе екі бала топтасып ойнайды.

Қажетті құралдар: карточка, геометриялық пішіндер.



Кімге не керек?

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, тапқырлыққа үйрету.

Ойынның шарты: Суреттегі отбасы мүшелерін атау және оларға қандай зат керек екенін табу.

Қажетті құралдар: отбасы мүшелерінің суреттері (ата, әже, әке, ана, қыз бала, ұл бала); суреттер (қамшы, ертоқым, ұршық, асық, домбыра, құрақ көрпе)

«Домино»

Масаты: ұлттық үлгідегі киімдер туралы түсінік беру.. Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту.

Ойынның шарты: Әр ойыншы ортадан 4 доминодан алады. Ойынды алдымен кімнің қолында екі жағында бірдей суреті бар ойыншы бастайды. Суреттер сәйкес келетіндей орналастырады. Ойынды осылай жалғастыра береді.

Қажетті құралдар: домино 28 данадан тұрады. Ағаштан немесе ламинатталған қағаздан болу қажет.



«Ғажайып баулар»

Мақсаты: Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Жас ерекшелігіне байналысты «күрмеп байлау» және «көбелек байлам» әдісін қолдану.

Ойынның шарты: Кілемшедегі белгіленген тесіктерге бауды өткізу арқылы байлау.

Қажетті құралдар: фетрден жасалған кілемше, баулар.



«Киіз үй құпиясы»

Мақсаты: Балаларға киіз үй туралы мәлімет беру, тапсырмаларды орындай отыра қол сау-сақ моторикасын дамыту; дүниетанымын кеңейту.


Ұлттық мұрамызды сақтауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Айналмалы киіз үйдің төрт есігі болады, төрт есікте тапсырмалар орналастырылады.

Қажетті құралдар: киіз үйдің макеті, тапсырмалардың құрал-жабдықтары.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана-2023.
3. Аубакирова Ж. Ойынның бала психологиясына әсері //Ізденіс. 2000. №4-5, 203-208 б.
4. Ф.Н. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика»-Астана,2014ж. 255 б.



ОЙЫН ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ



Казмамбетова Таттигул Кемалқызы
№21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Түйін сөз: ойын арқылы дамыту, тәжірибе жасау, ойлау қабілетін арттыру, еңбекке баулу, өзіндік жұмыс.

Ойын – күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын Мағжан Жұмабаев былай жазған екен: «Ойын баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болуы керек, бақылау деген сөз - қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қарап тұр деген сөз емес, олай тұрсаң бала ойынына кірісуші болма!».

Расында, ойын бала өміріндегі қызыққа толы, бақытты сәт. Ойын арқылы тәрбиелеуге, әлеуметтік ортаға бейімдеуге, сөздік қорларын жетілдіруге, танымдық белсенділіктерін қалыптастыруға болады. Себебі, бала өзін қоршаған ортаның құпияларын, өмір сүруге қажетті айналасындағы заттардың ерекшеліктерін, достық қарым-қатынастың маңызын ойын арқылы тез түсініп, ұғына алады. Яғни, ойын әдісін әрбір тәрбиеленушінің танымын балабақшаға келген алғашқы күннен бастап дамытудың, тәрбиелеу мен оқытудың негізін қалыптастырудың тиімді құралы, жетекші әрекеті деп айта аламыз.

Өз тәжірибемде ойын түрлерін үнемі қолданамын. Ойынды балаларды қызықтырып, тек уақыт өткізу ретінде емес, олардың

білім, білік, дағдыларын дамыту мақсатында жүйелі ұйымдастырамын. Ол үшін алдымен тақырыпқа сәйкес ойын түрлерін іздеймін, таңдап болғасын шартын және қажетті көрнекіліктерін дайындаймын. Ойын шарттарын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында берілген міндеттерді, дағдыларды жүзеге асыруға бағыттаймын. Топтағы тәрбиеленушілердің логикалық ойлау қабілеттерін, тілдерін, ұсақ қол моторикасын дамыту барысында түрлі көрнекі құралдарды тиімді қолдануға тырысамын. Мысалы: қоршаған ортадағы таныс көкөністердің атауларын біліп, пішіндерін ажырату үшін «Кім жылдам?» дидактикалық ойынын, қоршаған орта, табиғат туралы білімдерін бекітіп, табиғатты, өсімдіктерді қорғай білуге, олардың өсіп-өнуіне жағдай жасауға тәрбиелеу мақсатында «Табиғат сиқыры» үстел-үсті ойынын, балалардың бойындағы еңбек және адамгершілік дағдыларын қалыптастыру үшін «Жеміс тереміз» дидактикалық ойынын ұйымдастырдым. Сонымен бірге, топ бүлдіршіндерінің дене қимыл белсенділігін дамыту мақсатында «Көкөністерді танимыз ба?» деген ойын ойнаттым. Көңілді әуенмен болған ойында «додокаэдр» әдісін қолдандым. Сиқырлы текшені ортаға тастай отырып, сәбіз, қызылша, картоп, қызанақ, пияздың суреттерін балалар түсі мен пішініне қарай атап, ажырата алды.



Жұмысты ата-анасымен үй жағдайында жалғастыруды ұсындым, онда ата-аналар балаларына пияздың пайдасы туралы ақпарат беріп, емдік қасиетімен таныстырып, қызықты тәжірибе жасады. Жасаған жұ-

мыстарын ата-аналар әлеуметтік желілер фейсбук, инстаграмм, ватсапқа жүктеді. Бұл жұмыстар менің отбасымен, ата-аналармен ынтымақтастық байланысымды нығайтып, одан әрі ізденуіме ықпал етті.



Балалардың қызығушылықтарына қарай ойын алаңдарына бөліп алғаннан кейін, жетекші сұрақтар қоямын немесе суреттермен жұмыс жасаймын. Мысалы: Мына көкөніс қалай аталады? Бұл қандай көкөніс? Балалар жауабын тыңдап, содан кейін пішіні қандай? Түсі қандай? Неге ұқсайды? Дәмі қандай? тағы да басқа сұрақтар қоямын. Жекелеп сұрап, балалардың жауабын тыңдаймын. Балаларға пияздың көптеген түрлері болатынын, соның ішінде бау-бақшамызда өсетін көк жуа, бас жуа, қызыл жуа түрлерінің пай-

дасы және емдік қасиеттері жайлы кітаптан оқып ақпарат бердім. Бұл жерде кітап қарауға қызығушылықтарын тудыра отырып, пияз түрлерінің денсаулыққа пайдасына тоқталамын. Балалардан пиязды тамаққа қосуға болады ма?,- деп сұраймын. Әртүрлі жауаптарды тыңдаймын, пияздың қабығын аршығанда, турағанда көзіміз неге жасурайтынын түсіндірдім. Пияздың қабығын қайнатып, тұнба дайындап ішсе тұмауға өте пайдасы зор екенін бейнеролик арқылы көрсеттім.

Пияздың тамырларын үлкейткіш құрал (лупа) арқылы көрсетіп, одан соң зерттеу алаңына шақырдым. Пияздың тұқымнан бастап өсу деңгейімен таныстырдым. Тұқым, жасыл өскін, сабақ, бас жуаға айналады екен. Шыны ыдысқа су құйып алып, ем үшін пайдаланылатын көк дәрі (зеленка) тамшы-

ларын суға құйдым. Кішігірім эксперимент жүргіздім. Осы кезде балалар судың түсі өзгергенін қуана айтты. Балалар пиязымыздың түсі неге ұқсайды деп сұрағанымда, қырыққабатқа ұқсайды деп жарыса жауап берді.



Осы қоспаға қолымдағы пиязды салғанымда, пияздың түсі өзгеріп, судағы пияз жасыл түске боялғанын балалар көздерімен көрді. Акварель бояуына 2-ші пиязды салғанда, пияздың түсі өзгермейді. Көк дәрінің жұққыштық қасиеті басым екенін балаларға түсіндірдім. Мұнан соң балалармен әрі қарай ұйымдастырылған іс әрекетті дамытушы орталықтарда жалғастырдым.

«Пиязды қалай мүсіндейміз»? Балалар алақан арасына бір кесек ермексазды салып алға, артқа және айналдыра есу арқылы, ермексазды домалата отырып, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін қозғалта пиязды мүсіндеді. Содан соң пияздың сабағы тұратын жерге саусақ ұшын батырып, сәл шұңқырлады. Шұңқырға кішкентай сабағын орналастырды. Бұл экспериментті балалар қызығып жасады.




Келесі кезең «Жомарт атайдың бау-бақшасына көмек» тақырыбында еңбекке баулумен жалғасты. «Алпамыс» батыр ауылында тұратын Жомарт атамның бау-бақшасына тәрбиеленушілермен бірге саяхатқа барып, көкөністерін жинауға көмектестік. Сөйтіп, атамның батасымен бірге сыйлыққа тәттілерін алып, қуанып қайттық. Балаларымыздың көңіл-күйлері тамаша, әсерлері керемет болғанын жүздерінен байқадым.

Қорыта айтқанда, балаларды ойлай білуге дағдыландыруда, сөздік қорларын дамытуда, белсенділікке ынталандыруда ойын түрлерінің маңызы оразан зор екенін байқадым. Алдағы уақытта іс-тәжірибемде ойын түрлерін көбейтіп, ұлттық ойындарды кіріктіріп, шығармашылық қоржынымды жетілдіруге жұмыс жасайтын боламын.



Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
3. ҚР Үкіметінің мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру (әдістемелік нұсқау хат)



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА НЕЙРООЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫН, СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ



Садыкова Асель Аликовна

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Шыңғырлау ауданы білім беру бөлімінің «Болашақ» бөбекжайы МКҚК тәрбиешісі

Нейроойындар – баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Нейроойындарды мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуын түзету үшін ғана емес, сонымен қатар қалыпты дамып келе жатқан балалардың жоғары психикалық функцияларын - дарындылыққа дейін дамыту үшін қолдануға болады.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын. Сондықтан да мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескеретін болсақ, мен ұсынып отырған нейроойындардың жүйелі қолданылуы балалардың жан-жақты, толыққанды дамуына жақсы нәтиже береді. Нейроойындар – баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі.

Мектепке дейінгі ұйымда ойнатылатын нейроойындар келесі бағыттарды дамыту мақсатында жүзеге асады:

- балалардың физикалық денсаулығын сақтау және нығайту;

- балалардың танымдық-интеллектуалдық дамуы;
- баланың қажетті коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоциялық саласы мен қиялын дамыту;
- баланың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру;
- психологиялық қолдау;
- авторлық бағдарламаны жүзеге асыруға отбасыларды тарту.

Балалардың әртүрлі жас ерекшеліктерімен жұмыс жасағанда, бірқатар балаларға, тіпті қазіргі технология дамыған заманда көп балаларда зейінін шоғырландыру және ауыстыру қиынға соғатынын, есту-ауызша есте сақтаудың аздап төмендеуін, моторикасының бұзылуын, сурет салуда, қиюда, жобалауда қиындықтарды, сөйлеу тілінің жеңіл ауытқуларын және ерекшеліктерін, эмоционалдық саладан да ауытқушылықтарын атап өткен жөн. Бұл проблемалар өкінішке орай көптеген балабақша бүлдіршіндерінде кездеседі. Оның себебі балалардың телефоннан сөйлемейтін мультхикаялар қарауы, түрлі бала психикасына зиян ойындардың ойнауынан, кей отбасында ата-ананың баламен жұмыс жасамауының кесірінен деп ойлаймын. Қазіргі кезде барлық балалар десем артық емес, планшет, ноутбук, сенсорлы

ұялы телефондар, жалпақ тілмен айтқанда виртуалды ойын ойнағанды жақсы көреді. Ата – аналар қымбат ұялы телефондар алып беріп жатады. Ұялы телефонды көп қолданатын баланың ойлау қабілеті төмендеп, баланың ауыз екі сөйлеуіне орасан зор зияны тиіп отыр.

Сондықтан қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда нейропсихологиялық тәсілді, яғни нейроойындарды қолдану өзекті мәселе болып табылады.

Орыс нейропсихологиясының негізін салушы Александр Романович Лурия жоғары психикалық функциялар салыстырмалы қарапайым қозғалыс және сенсорлық про-

цестердің негізінде пайда болатынын атап өтті.

Нейропсихологтар болашақта балалардың жарты шар аралық өзара әрекеттесуінің бұзылуы сөйлеу, оқу және жазу кемшіліктерінің себептерінің бірі болып табылады деп мәлімдейді.

Нейропсихология - ми мен жүйке жүйесінің адамның мінез-құлқына қалай әсер ететінін зерттейді. Денедегі сезімдер бір ми мен жүйке жүйесіне қалай әсер етеді?! Бұл дегеніміз, егер сіз денеді белгілі бір сезімдерді әдейі тудырсаңыз, сіз саналы түрде және қолайлы ортада баланың жағдайын басқара аласыз.



1-сурет

Гусманова Манера Муратовна

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қобда ауылы
«Нұрлы болашақ» балабақшасы
Әдіскер

 **Аңдатпа.** Мақалада ата - аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыра отырып, оларды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту жолындағы педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде көру мақсатына қол жеткізу үшін жаңа форматтағы семинарлар, байқаулар, тренингтер бенефис-шоулар түрлі ойындар ұсынылған.

 **Түйін сөз:** Ата-анамен бірлескен жұмыс, мектепке дейінгі тәрбие, рухани құндылықтар, педагогикалық кеңес беру, Аталар университеті, әжелер тәлімгерлік кафедрасы, әкелері мектебі, жас аналар мектебі.

Отбасы - бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеумен, қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайда - балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді: өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділік ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағым-

ды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда балабақшаның ата-аналармен жұмысының мазмұны төмендегідей:

- а) ата-аналардың педагогикалық, психологиялық білімдерін көтеру; (дәрістер оқу, семинарлар ұйымдастыру, жеке және топтық кеңестер, тәжірибелік жұмыстар, т.б.);
- б) ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне қатыстыру; (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық жұмыстар, материалдық-техникалық база жасауға көмектесу);

- в) балабақшаның әкімшілігімен бірлескен жұмыстар (ата-аналар комитеті, аталар университеті, әжелер мектебі).

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуітін арттыруға бағытталған болуы керек. Ата-аналармен жұмыстың әдістері: бақылау, әңгіме, пікірлесу, тест жүргізу, сауалнама жүргізу.

Бүгінгі біздің басты парызымыз-болашағымыз болып табылатын балаларға үлгі-адамгершілік, тәлім-тәрбие беру. Балаларды алдымен бірін-бірі сыйлауға, біріне - бірі көмектесуге, көпшіл болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеп отырамыз. Отбасында балалар ата-аналарынан әр түрлі әңгіме естиді, соны көкейіне тоқиды. Сондықтан ата-аналардың әр әрекеті, әр сөзі үлгілі тәрбиеге, адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баулитын әңгімелерге ұштастырылғаны жөн болар еді.

Жазушы, педагог Ы.Алтынсариннің әңгімелері балаларға мәнді тәрбие беруімізге көп ықпал етеді. Адам бойындағы адамгершілік, үлкенді сыйлау кішіпейілділік, бауырмалдық сынды асыл қасиеттерді бала бойына жөргектегі кезінен бастап сіңіре білу-міндетіміз.

Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының негізінің қалыптасуы баланың мінез-құлқының, шығармашылық қабілетінің және баланың даралығының ашылу сырының тәрбиесімен байланысты. Адамгершілік тәрбие - баланың жеке басының қалыптасуының негізгі дәстүрлі жолдарының бірі болып табылады. Бұл тәрбие жөнінде балалардың басқа адамдармен, қоғамдық ортада өзін-өзі қалай ұстау мәдениеттілігіне үйрету бағытына арналады. Бірлескен өмірде балалардың өзара қарым-қатынасы құнды болады, жақын туыстарына деген сүйіспеншілік қатынасы нығайып, қоғамдағы өзінің жеке тұлғадағы орын сезіну қасиеттері қалыптасып дағдылана бастайды. Мектеп жасына дейінгі жастағы балаларға жалпы адамдардың бойындағы құндылық қасиеттерді айтып отыру керек, осы бағыттағы адамгершілік тәрбие балалардың өз арасындағы қатынастың даму үдірісінің маңы-

здылық мәнісін береді. Адамгершілік тәрбие сезімін тәрбиелеу этикалық ұғыммен тығыз байланысымен қалыптасады. Бала да баудағы шешек атып келе жатқан жеміс ағашындай. Күтімі бапты болса, ол ағаш сапалы жеміс береді. Бапты тәрбие алған бала да байсалды азамат болып өсіп, Отанына, халқына қалтқысыз қызмет етері сөзсіз.

Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін, оны өте жақсы білу керек. Ол үшін ата-ана, тәрбиеші бала көңіл-күйінің нәзік толқуларын сезіне білген жөн. Баланың жасы жаны еліктегіш, тез жабыққыш келетінін ұмытпаулары тиіс. А.П.Чехов: «Баланы ақылмен тәрбиелей алмаған адам оны қорқытып тәрбиелей алмайды» - деген.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 48 тармағында баламен жұмысты ата-аналармен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды.

Бұл іс-шаралар өткізу ғана емес, ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процестеріне тарту қажет. Оның өзегі, ең алдымен ұлттық салт дәстүр, рухани құндылықтар болуы тиіс. Түптеп келгенде балабақшада берілген тәрбие еліміздің болашағына тікелей әсер етеді. Осы орайда тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық кеңес беру, балабақшадағы іс-шараларға, оқу-тәрбие жоспарын жасауға, күнделікті оқу-тәрбие жұмысына ата-аналарды қамту қажет деп ойлаймын. Аталар университетінің мақсаты: Ата-ана хабардарлығын дамыту және ақпараттандыру, көзқарастар мен тиімсіз мінез-құлықты өзгерту, балалармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту арқылы жауапты ата-ана позициясы мен оң ата-ана дағдыларын қалыптастыру.

Университеттегі жұмыс формалары: теориялық семинарлар, семинар-практикумдар, дискуссиялық сабақтар, вебинарлар және тренингтік сабақтар, түрлі бағыттағы акциялар мен фестивальдар, ата-аналар конференциялары, консультациялық жұмыс. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту, біздің мақсатымыз. Сондықтан балабақшамызда инновациялық тәсілдер мен технологияларды, дәстүрлі емес, жаңашыл

әдістер мен формаларын қолдана отырып, ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар жиналысында Аталар университетінің мүшелері, әжелер тәлімгерлік кафедрасының топ мүшелері, әкелер мектебі мүшелері, жас аналар мектебі мүшелері қатысты. Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалана отырып, танысу тренингі, тимбилдинг, үштік одақ бағытындағы психологиялық ахуал туғызу мақсатында психолог жетекшілігімен жүзеге асырылды. Ата-аналармен түсіністік атмосферасын құру оң көзқараспен тілектестікті қолдау мақсатында топтың жұмыстың заманауи түрі ұлттық бағытта квест ойыны ұйымдастырылды. Киіз үйлерде жасырылған жасырын тақырыптар жарық әдісі арқылы анықталып, киіз үйлер ішінен тапсырмалар орындалып, ата-аналарға тапсырмаларды орындау мақсатында бірнеше-әдіс тәсілдер қолданылды. Атап айтсақ, бірінші тапсырма жолында дәстүрден тыс құм терапиясы, екінші тапсырма жолында марблс тастары, үшінші тапсырма жолында Монтессори технологиясы, төртінші тапсырма жолында дәстүрден тыс сурет салу, бесінші тапсырма жолында робототехника қолданылды.

Аталар университеті қазақтың ұлттық қамшы өру, домбыра жасау, ер-тоқым жасау өнерлерін, әжелер тәлімгерлік кафедрасы ұршық иіру, жүн түту, жүн сабау, ою оюдан шеберлік сыныптарын көрсетті. Ата-аналармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында әке-

лер мектебі мүшелері киіз бизибордында ұлттық ойындардан домино ойнады.

Топтық жұмыстың заманауи түрі «Тарсия» әдісі қолданылып салт-дәстүр, әдет-ғұрып тақырыптарда үлгі бойынша ата-аналармен ойындар ойнатылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудың аясында алғыс айту ұсыным міндеттерінде көрсетілгендей отбасы дәстүрлерін құрметтеу әкемен бала арасында тығыз байланыс орнату мақсатында, мерекелік іс-шара форматы ұлттық - дидактикалық ойындарды қолдана отырып, әкелер мектебі мүшелерімен балабақшамызда «Мың алғыс әке» семинары, баланың өміріндегі ананың ролі, анаға деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында жас аналар мектебі мүшелерімен мерекелік байқау, Аталар университеті мен әжелер кафедрасы мүшелері арасында жаңа форматтағы байқаулар ұйымдастырылды.

Сенім атмосферасын құру мақсатында «Аялы алақан» тренингі өткізілді. Жұмыс нәтижесінде ата-аналардың педагогикалық мәдениеті, ұлттық мәдениеті, рухани-адамгершілік құндылықтарын дәріптеуде көзқарастары өзгерді. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың бағым бағыттары модельді іске асыру көзделген сапалы көрсеткіштері орындалды.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделі, Ф.Жұмабекова «Мектеп дейінгі педагогика» Астана 2008 Фолиант баспасы. 149 б.
2. С.Фаббасов «Педагогика мен Психология негіздері» Алматы 2008 Таймас баспа үйі 220 б.

Әдістемелік құралдар мен ұсынымдар:

1. Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру бойынша ұсынымдар.
2. Мектепке дейінгі ұйымдар мерекені ұйымдастыру әдістемелік ұсынымдар.

Мерзімді басылымдар мен журнал мақалаларынан:

1. Дана бала №1 (37), 2024 96 Ата – аналармен серіктестік бөлімі.

«ШКОЛА МУДРОСТИ» В ДЕТСКОМ САДУ



Макульбаева Айгуль Кудайбергеновна

Руководитель

КГКП «Центр полиязычного развития ясли - сад №6»
отдела образования города Экибастуза, управления
образования Павлодарской области



Аннотация. В данной статье автор делится опытом работы по организации работы «Школ мудрости» в дошкольной организации.



Ключевые слова: детский сад, воспитание, школа мудрости.

Воспитание – это основа качественного образования, которое ведет поколение к высоким идеалам. Оно заряжает душу человека добром и наполняет ее ценными человеческими качествами. А настоящее время – эпоха творческого поколения в меняющемся мире. Поколение, выросшее на национальных ценностях, будет великим. Наследие народа всецело передается от старших молодому поколению. Если эту цепь прервать, это грозит исчезновением нации. [4]

Семья у разных народов всегда состояла из нескольких поколений и включала в себя отцов и матерей, дедушек и бабушек, а также уже взрослых женатых внуков. Семейные ценности – это основа, на которой строится общество. Именно они формируют крепкие связи между поколениями и помогают детям понять, что такое любовь, уважение и поддержка. Для гармоничного развития любого человека прививать их нужно с самого рождения. [5].

На протяжении веков на исторической земле казахов перекрещивались судьбы многих народов - носителей различных культур, религий и традиций. В результате сложилась уникальная ситуация, когда вместе с

казахами мирно живут представители 140 этносов и 40 конфессий. При этом длительное совместное проживание различных этносов сформировало в обществе устойчивые традиции толерантности. [1]

Сохранение культурных ценностей и традиций становится задачей первостепенной важности. Уважение к прошлому остаётся фундаментальным для обеспечения культурного континуума и национальной идентичности. Один из ключевых механизмов сохранения культурных ценностей и традиций — это их изучение и передача от поколения к поколению. Важно создавать условия для изучения истории, культуры, языка и традиций страны в семьях, школах и обществе в целом. [2]

Для обеспечения в воспитательно-образовательном процессе реализации принципов «мы разные, но мы равные», «единство в многообразии» в системе дошкольного, среднего и высшего образования» в рамках реализации дорожной карты по исполнению пункта 6.1) решения Ассамблеи народа Казахстана от 27 апреля 2023 года [3] в нашем «Центре полиязычного развития» с 2023 года начали работу «Школы мудрости».



С целью повышения роли казахстанской семьи, ее воспитательной функции в сфере сохранения и развития национальных традиций, воспитания толерантного и уважительного отношения к культурным традициям, языку и ценностям всех этносов, проживающих в Казахстане [3], в нашем детском саду была организована работа четырех школ: «Школа бабушек», «Школа дедушек», «Школа матерей», «Школа отцов». Для каждой из школ составлен план работы на год, выбран руководитель, разработаны мероприятия.

Хотелось бы отметить, что открытие «Школ» началось с торжественного выхода дедушек, бабушек, пап и мам по красной дорожке под музыку и аплодисменты детей. Все участники были одеты в национальные костюмы того народа, который они представляли. Ребята, в свою очередь, порадовали гостей праздничным концертом.



«Школа отцов» была проведена в виде спортивного турнира, где папы с детьми показали силу и ловкость в казахских наци-

На каждом заседании старшее поколение передает свой опыт молодому. Так, на заседании «Школы дедушек» мальчиков знакомили с традиционными национальными ремеслами. Для ребят принесли настоящее седло, уздечку, камчу, показали, как седлать коня. Продемонстрировали, как изготавливают ювелирные украшения, учили плести камчу.

На заседании «Школы бабушек» было знакомство с забытыми национальными блюдами такими как «Өкпе сүт», «Қаттама», «Бәліш», «Наурыз кәже». Девочки практиковались в изготовлении «Ши баурсаков».

«Школа матерей» познакомила девочек с традиционными национальными блюдами «Бешбармак», «Баурсак», «Плов», «Курт», «Чак-чак». Мамы учили детей раскатывать тесто на бешбармак, делать баурсаки и курт.

ональных играх: «Қой көтеру», «Күміс алу», «Аударыспақ», «Асық ату», «Арқан тарту».



Так, состоялась встреча трёх и даже четырёх поколений, где старшие передавали свой бесценный опыт молодым, а также все получили урок взаимоуважения, любви, взаимопонимания. Окунувшись в прошлое, участники мероприятия, вспомнили о своих исторических корнях, традициях разных народов.

В связи с этим, мы считаем, что включение «Школ мудрости» в воспитательно-образовательный процесс открывает широкие перспективы для взаимодействия детского сада и семьи. Формами такого взаимодействия могут быть:

- изучение народных обычаев, обрядов и традиций;
- составление родословной своей семьи;
- работа разных кружков народного творчества;
- экскурсии в краеведческий музей;
- организация совместных семейных, народных праздников, конкурсов и др.

Деятельность по воспитанию патриотизма в нашем детском саду не ограничивается работой «Школ мудрости». Ежегодно мы проводим утренники на тему «Ана тілім - ар-

дағым», посвященные Дню языков народа Казахстана. На мероприятиях, посвящённых празднованию «Наурыза», «Дня единства народа Казахстана» и других мы продолжаем знакомить ребят традициями разных народов.

Следует сказать, что наши воспитанники являются активными участниками различных конкурсов: «Әжем, анам және мен», «Әкем – асқар тауым», «Менің Елім - менің бақытты балалық шағым» и других.

В детском саду при помощи родителей организованы патриотические уголки, где накоплен богатый материал об истории края, национальных традициях и современных достижениях.

Каждый народ, существующий на Земле, мечтает о поколении разносторонне и гармонично развитых и культурных личностей. Один из путей воспитания ребёнка, при котором впитывается духовное наследие – воспитание с детских лет в уважении к национальным традициям. Воспитание сегодняшнего подрастающего поколения – это та опора, которая завтра будет формировать образ нашей страны. Вот почему образование будет эффективным, если оно основано на национальных ценностях, на сохранении традиций и культуры своего и других народов. [4]

Список использованных литератур


1. «Доктрина Национального единства Казахстана» <https://online.zakon.kz/m/amp/download/30501158>
2. «Концептуальные основы воспитания» <https://politex.edu.kz/index.php/kolledzh/normativnyedokumenty-tipo/22-kontseptualnye-osnovy-vozpitanija>
3. «Единая программа воспитания» <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=ru>
4. Использование национальных традиций казахского народа в работе с многодетными семьями <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-natsionalnyh-traditsiy-kazahskogo-naroda-v-rabote-s-mnogodetnymi-semyami>
5. Семейные ценности через традиции: почему важно, чтобы семья была едина <https://mail.kz/ru/news/kz-news/semeinye-cennosti-cherez-tradicii-pochemu-vazhno-chtoby-semya-byla-edina>


ТІЛГЕ БОЙЛАУ ТІЛГЕ БОЙЛАУ

ОБУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ



Рахимжанова Алия Ерсе́новна
Карагандинская область, г.Абай
КГКП «Ясли-сад «Аққу»
воспитатель

 **Аннотация.** В данной статье рассматривается система изучения казахского языка в детском саду посредством инновационных технологий, приобщение детей к казахским истокам, таким как: казахские народные сказки, пословицы, поговорки и скороговорки, а также дидактических, сюжетно-ролевых, речевых игр.

 **Ключевые слова:** казахский язык, условия обучения, развитие речи, казахские народные сказки, обычаи и традиции, звуковые особенности.

Государственный язык - это такой же символ, как флаг, герб, гимн, с которых начинается Родина, и он призван объединять всех граждан государства.
Н.А. Назарбаев

Язык - важнейшее средство общения. Уважая культуру, религию, обычаи и традиции каждой национальности, нужно изучать государственный язык.

Ученые доказали, что у детей дошкольного возраста мировоззрение, сознание, речь, память, обогащение словарного запаса, интерес к речи у ребенка формируется интенсивно.

Цель: освоение основных ценностей государственного языка, формирование и

развитие многоязычной, готовой к социальным, культурным взаимоотношениям и билингвальной компонентности личности.

Задачи:

- освоение необходимого словарного запаса, образцов речи при общении со сверстниками, взрослыми;
- научить детей понимать смысл и пересказывать содержание коротких стихотворений, скороговорок на казахском языке и выполнять простые указания педагога;
- учитывать эффективность обучения языку (словарный запас, звуковой состав слова, грамматическая структура, составление предложений, пересказ содержания);

- расширение мировоззрения и интеллекта детей;
- объяснить необходимость освоения казахского языка, создать условия к применению полученных знаний;
- стимулировать диалоги на казахском языке, взаимное уважение детей разных национальностей.

Предметно-развивающая среда в обучении казахскому языку

- учитывает стимулирование ребенка, соответствие самостоятельного, опытного, демократического, инклюзивного образования возрастным особенностям и действиям воспитанников;
- предполагает удобство и комфортабельность этой среды;
- предусматривает соответствие содержания предметно-развивающей среды культурно-историческим ценностям: национальным традициям, природе, климату, особенностям местности;
- уделяет внимание оснащению дидактическими техническими средствами.

Казахские сказки повышают интерес детей к изучению языка, помогают совершенствовать культуру речи. Слушая персонажей, дети приобретают навыки содержательного изложения, обогащения словарного запаса. Ознакомление с историей, повседневной жизнью, национальными костюмами, музыкальными инструментами, праздниками, играми казахского народа способствует пониманию языка, дают возможность применить его в повседневной жизни. Условие обучения - создать в группе положительный психологический климат, от которого дети испытывали бы радость общения. При обучении ребенка казахскому языку следует придавать особое значение следующим требованиям:

- запоминать каждое новое слово;

- слова должны быть связаны с предметами, знакомыми детям;
- постоянное обогащение словарного запаса;
- стараться употреблять и повторять все слова;
- научить правильно произносить звуки, характерные для казахского языка.

Развитие речи тесно связано с мышлением ребенка, поэтому надо развивать и расширять эти навыки. При проведении организованной деятельности по развитию речи можно применить следующие методы:

- речевая работа (собеседование, сравнение, повторение, вопросы и ответы, работа с картинками);
- использование наглядных средств (рисунков, игрушка, муляж и т.д.);
- развивающие игры (дидактические, разминки, соревнования, сюжетные, речевые, логические и т. д.).


Результатом развивающих игр по изучению казахского языка является освоение знаний ребенком, развитие умственной деятельности. В развитии речи используются игры: «Назови правильно!», «Назови по порядку!», «Кто быстрее!», «Назови детенышей!», «Чей голос?», «Что лишнее?», «Переводчик» и т. д.

Надо обратить внимание на то, что у казахского языка имеются звуковые особенности, и добиться того, чтобы дети на каждой организованной деятельности правильно произносили эти звуки. После освоения характерных звуков с целью их закрепления часто используются загадки, скороговорки. Выполняя эти работы систематически, качественно, можно добиться следующих результатов: правильно использовать слова и различать звуки;

понимать антонимы, синонимы и многозначные слова, применяя их в ходе разговора.

Список использованных литератур**электронный ресурс удаленного доступа (Internet):**

1. <https://www.maam.ru/detskijasad/metodicheskaja-razrabotka-razvitie-rechevoi-aktivnosti-detei-doshkolnogo-vozrasta-v-razlichnyh-vidah-detskoi-deyatelnosti.html>
2. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/razvitie-rechi/2021/06/18/metody-i-priyomy-slovarnoy-raboty>
3. <https://yktfamilycenter.ru/obogashhenie-slovarnogo-zapasa-detey-d/>



ОЙЫН - КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ



Жумадильдинова Ақмарал Қуанышбекқызы

Қарағанды қаласы білім бөлімі
ММ «Мерей» бөбекжайы КМҚК
Қазақ тілі педагогі



Аңдатпа. Ерте жастан баланың сөйлеу тілін мемлекеттік тілде шығаруда ойынның рөлінің ерекшелігін таныта отырып, түрлі педагогикалық мәселелерді шешуде ойын технологиясының маңыздылығына орай іс-тәжірибемнен...



Түйін сөздер: оңтайлы үрдіс, дағдарыс, әдіс, коммуникативтік құзыреттілік, ойын технологиясы.

Мектеп жасына дейінгі кезең - әр баланың қабылдау, сезіну тәжірибесінің қалыптасып, түйсіну, сөйлеу мен ойлаудың адамға тән алғы шарттарын игеретін, қиялының күшті дамып, ырықты зейін мен мағыналы естің бастамаларының көрнісі аңғарылатын, ал ересектердің баланың бойындағы осы үрдістің оңтайлы өтуіне жауапкершілікпен қарауды талап ететін шағы болып саналады. ХІ ғасырда өмір сүрген данышпан ақын Жүсіп Баласағұни өзінің «Құтадғу білік» («Құт әкелетін білім») атты дидактикалық дастанында жас буынның балалық кезеңдегі тәрбиенің маңыздылығына орай бәйіт екі жолдық өлең) үлгісімен:

Өзінен ұл, қыз туса, ей, азамат!
Қолда өсір, ұстай көрме, алыста жат,
Мейірімді, таза болса тәрбиесі,
Баланың еркін өсер тәртібі-есі.
Тәрбиесіз бала білім ұғар ма?

Олай болса, уысыңнан шығарма,- деп өсиет-нама жазып қалдырған екен.

Ендеше, отбасындағы ата-анасынан, білім беру саласының алғашқы баспалдағы бөбекжайдан алатын тағылым - тәрбиесі бүкіл өмірінің бастауы, оның болаша-ғына бастар жол десе болатындай. Мектепке дейінгі мекеменің қазақ тілі педагогі ретінде, баланың өзін-өзі жеке тұлға ретінде сезінуіне,

адамгершілік ақыл-ой және басқа да қасиеттердің дамуына ықпал ете отырып, бала тілін өз мемлекетінің тілінде қалыптастыруды кәсіби жауапкершілігім деп есептеймін. Алдымызға келген барлық баланың сөйлеу тілі бірдей шығып, өзара қарым-қатынас жасай алмайтыны баршамызға белгілі. Осы орайда, бала жүрегіне жол тауып, оның тілін шығарып, дыбыстарды анық айтып, сөздік қорларын молайту, ауызекі сөйлеуге дағдыландырып, көркем сөз үлгілерін қолдануды үйрету, әрі білгенін өз өмірінде қолдана білуді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекетім барысында түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланумен қатар, ойын технологиясын басшылыққа алуым - бүгінгі тәрбие мен білім берудегі оңтайлы үрдіс. Жалпы, қашаннан мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі әрекеті - ойын екені белгілі.

Белгілі педагог А.С. Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы: «Үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады» деген. Әрбір ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып таңдап алады, адамдармен, қоғаммен белсенді араласуға үйренеді. Біз балалардың ойнай жүріп, ата-анасының, барлық

мамандық иелерінің қызметтерін атқарып жүретінін байқамаймыз. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеу тілі қалыптасқаннан-ақ, сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады және жалпы адами мәдениеттің негіздерін қалыптастырудың құралы болып табылады. Осы кезден бастап, бала тіл мәдениетін меңгергендермен қарым-қатынас жасаған жағдайда оның сөйлеу тілі нәтижелі, талғамға сай мәдениетті жетілері анық.

Бүгінгі жаңа ақпараттық технологиялар жан-жақты дамыған заманда баланың кішкентайынан түрлі гаджеттерге тәуелді болуынан, отбасында, өскен ортасында бала тәрбиесіне толыққанды уақыт бөлінбеудің әсерінен де, бала тілінің уақытынан кеш шығуы, дұрыс сөйлеп, ойын жеткізе алмауы оқу - тәрбие үрдісіндегі дағдарысты туғызары анық. Өз ана тілінде сөйлеу тілі шықпаған баламен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Осы орайда, алдыма келген балалармен үстел үсті ойындары барысында мимикалық және артикуляциялық жаттығулардан бастап, түрлі ойын ұйымдастыру арқылы, дыбыстарды анық айтып, сөздік минимумды есте сақтауларына ықпал ете, әрбір нәтижелі жауаптарына эмоционалдық жылулық танытып, тілдік тәжірибелерін қалыптастыруда ынталарын оятуға күш саламын. Баланың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту үшін, ойын кезінде онымен серіктес ретінде ойнап, әрі сөйлеулеріне бағытталған әрекеттер ұйымдастыру нәтижесінде біршама жетістіктерге жетуге болатынын байқадым.

Сөздік ойындарда техникалық құралдарды пайдалану арқылы тақырыптық жаңа сөздер қамтылған әуен-сазды бейнебаяндарды қойып, оған қосыла айтқызудың пайдасына да көз жеткізіп келемін. Интерактивтік ойындар мен тіл ұстартатын ойын түрлері арқылы өлең, ән, санамақ, сергіту сәттерін

үнемі үзбей қолдану балалардың көңіл-күйлерін одан әрі ажарландыра түседі. Қазақша әндерді айтқызудың да пайдасы зор. Мысалы, «Қуыршақ», «Балапан», «Шөжелерім», «Бесік жыры», т.б. әндер баланың көңіл-күйін көтеріп, тілін ширатады. Ал, заттармен ойналатын ойын кезінде ойыншықтар, табиғи заттарды қолданып, «Бірдей ойыншықты тауып, ата», «Бұл қандай жануар?», «Тауып, атын ата», «Сөз құра», тағы басқа да сөздік ойындар арқылы меңгерген сөзін дұрыс қолдана білуге, сауатты жауап беруге, орынды сөйлеуге үйренеді. Сондай-ақ, бала қызығушылығын тудырып, әр қырындағы тақырыптық суреттердің атын атап, сөздіктермен, не сөз тіркесімен әңгімелеп айтуға негізделген «Додокаэдр» әдісімен құрастырылған қобдишалы ойынның қай жастағы баланың болмасын тілді меңгеруіне көмегі зор. «Сәйкестендіру» ойыны арқылы зат есім, сын есім, сан есім сөздерді қаншалықты есте сақтап, қолдана алатынын байқау, қайталата бекіту әдістері жүзеге асырылады. Мысалы: 3 санына – суреттегі үш алманы сәйкестендіре отырып, бала «үш алма» деп айтып та береді, ал сын есімге қатысты түсті тануын аңғарта, көлеңкелі алма бейнесін сары, қызыл не жасыл алмамен сәйкестендіре белгілеп, «сары алма, қызыл алма, жасыл алма» деп көрсете әңгімелейді. Осы тұрғыда, ойын технологиясы баланың жаңа сөздерді ұғынып, меңгерумен қатар тілдік қарым-қатынаста еркін қолдана білуіне, өз-өзіне сенімділікке ғана бағыттап қоймай, ойынға қатыса отырып неғұрлым аз шаршап, жалықпауына, жағымды эмоциялар алып, өзін-өзі тануына ықпал етуші пайдалы құралға айналғандай. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда басшылыққа алған инновациялық технологиялардың әрқайсының өзіндік маңыздылығы мен құндылығын ескерсем, баламен жағымды дамытушы ортада өзара тіл табысып жүйелі де мазмұнды жұмыс жүргізуіме ойынның пайдасы ерекше.



ҚР МДҰ тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатында «Мектепке дейінгі ұйымда ойын әрекеті арқылы тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру мен мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады. Ойын әрекеті балалар үшін маңызды, ойын арқылы бір жағынан тәрбиеленушілердің танымы кеңейеді, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын түсінеді. Екінші жағынан, тәрбиеші ойынды белсенділік түрлері мен өзара әрекет нұсқалары арқылы тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі әрекет түрі ретінде пайдаланады» деген қағида шындыққа айналуға деуге болады.

«Ой-ойыннан басталады» деген пікірдің бала дамып - жетілсін, саналы азамат болсын деген ұғымды пайымдағанын, мнемокесте арқылы монологты әдіс-тәсіл ұйымдастыруда анық аңғарудамын. Ал, «Сиқырлы шам» арқылы жасырын қалташалардағы заттың, көрнекі бейненің не екенін анықтатып, атап айтқызу, баланың тапқырлыққа ұмтылатынын, әрі тапқан жауабын тез айтып жеткізуге асығатынын байқаймын. Жалпы, ойын кезінде бала айналадағы құбылысты өзінше түсініп бейнелейтінін, өзінің күш-жігерін, сезімін білдіруге ынталылығын көреміз. Ойын үрдісінде баланың білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Балаларға қазақ тіліне тән төл дыбыстарды үйретуде, дикциясы анық болуы үшін дұрыс тыныс

алуға дағдыландыра, дыбыстарды сауатты айтуға жаттықтыруда «Флексагон» ойын тәсілін қолдану, яғни бұрыннан қалыптасқан тақырыптық суреттердің орнын ауыстырып қолдану, әрекет барысында баланың қызығушылығын оята, белсенділікке баулиды. Мысалы: көп баланың дыбыстауында қате естілетін «ң» дыбысының сауаттылығын қалыптастыруға орай, дыбыстық жаттығуға негізделген

- Дың, дың қоңырауым,

Дың, дың соғыламын.

Дың, дың мектептен.


Табыламын, дың-дың,- деп өлеңді жатқа айтқызуда біршама нәтиже бергені бала жауаптарынан анық аңғарылды.

Түрлі ойындар арқылы халқымыздың тәрбиелік мәні зор тиым сөздері мен мақал-мәтелдерін жатқа айтқызудың да бала тілінің дамуына әрі тілді меңгеруінде маңыздылығы зор. Туған тілдің абыройын асқақтату - әрбір Қазақстандық азаматының борышы болса, менің педагогтік парызым - енді сөйлеу тілі қалыптасып келе жатқан баланың тілін ойын әрекеті арқылы өз Отанының мемлекеттік тілі – қазақ тілінде сөйлеуге ерте жастан баулу.



Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат, Астана-2023.
3. Аубакирова Ж. Ойынның бала психологиясына әсері //Ізденіс. 2000. №4-5, 203-208 б.
4. Ф.Н. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика»-Астана,2014ж. 255 б.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ МЕҢГЕРУДЕГІ ІСКЕРЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ



Терликбаева Гульназ Болатбекқызы,
Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК, тәрбиеші



Аңдатпа. Мақала мектеп жасына дейінгі мекемелерде қазақтың ұлттық ойындарын тәрбиелеу-білім беру процесінде қолдану мәселесіне арналған. Тәрбиеленушілердің тілдік белсенділігін арттыру, қимыл белсенділіктерін арттыруда ұлттық ойындарды қолданудағы автор тәжірибесі талданады.



Түйін сөздер: Топ, жоба, ынтымақтастық, белсенділік, әдістеме.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесінде балаларды жан жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу жүзеге асырылуда, балалардың мінез - құлқын қалыптастыруда ұлттық педагогиканың алатын орны зор, оның ішінде ойынның рөлі ерекше.

Құрал ретінде ұлттық ойындарды қолдану қажеттілігі туындады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіз құр жаңғырыққа айналуы опоңай... Ұлттық салт дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деп ұлттық құндылықтарымызды үнемі дәріптеп оты-

ру қажеттігін ерекше атап өткен. Осы орайда ұлттық ойындарды басты құрал ретінде қарастыра отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуге баса назар аудардық. Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты – халықтың ұлттық ойындары. Ұмыт бола бастаған халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардан бастап үйрену өте маңызды.

Сондықтан да оны үйрету ерекше қажет нәрсе. Ойын — баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қа-



рай аршылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанар оты.» Ойын баланың қызығушылығын оятады, денсаулығының мықты болуына жақсы әсер етеді, бойына сабырлық, төзімділік, шыдамдылық, батылдық қасиеттерді қалыптастырады. Жас ұрпаққа ұлттық ойындарды үйрету арқылы өз халқының бай мұрасынан хабардар ете отырып, ата-баба тарихына деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын оятамыз.

Балабақшаның тәрбиелеу-білім беру жұмыстарында қазақтың ұлттық ойындарының төрт тобы да қолданылды: Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындарға асық ойындары жатады. Асық ойындарды балалардың жан-жақты дамуына тигізер әсері мол. Ата-аналарға асық ойындарының баланың саусақ бұлшық еттерін дамытуда, есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттерін дамытудағы маңызы түсіндірілді. Малдың асығынан құрылған ойындарға: «Ханталапай», «Қаржымақ», «Төрт асық», «Асық шерту» ұлттық ойындары жатады. Табиғи тастар ойынына «Бес тас» ойыны, мал терісінен жасалып, ойналатын ойынға «Ләңгі» ойыны жатады.

Балабақшада ата-аналармен асық жинау акциясы жүргізілді. Ата-аналар асықтарды жинай отырып, оларды түрлі-түсті бояулармен бояды. Әр ата-ана асық жинау акциясында ерекше белсенділік танытты. Ата-аналар арасында асық ойындарынан сайыстар ұйымдастырылды. «Хан талапай», «Асық ату» ойындарын ережелері ата-аналарға түсіндірілді. Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын болғандықтан аналар қатысты. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық басқа асықтардан ерекше түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт, ол асықты «хан» сайлайды. Кезектесіп асық үйірусудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстап барлық асықты ортаға шашады. Қалған ойыншылар аңдысып, өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы «хан талапай» деп шашылған асықтарға таласады. Кімнің еншісіне қанша асық бұйырса, сонша ұпай саналады. «Хан» кімге бұйырса, сол ойыншы келесі ойынды бастап, асықтар-

ды шашады. «Хан» алшы тұрмаған жағдайда, оны екі уәзірімен (қасына екі асық қосып) атып алады да ойынды мергендік қабілетін шыңдап әрмен қарай жалғастырады, яғни ыңғайлас жатқан асықтарды атады, атқан асығы дәл тимей, болмаса басқа асыққа тиген жағдайда, келесі ойыншы кезегін алады. Ойын соңында асықтар саналып, ұпай саны қорытындыланады.

Ұлттық ойындарды іс-шараларда қолдану. Сауықтыру іс-шараларында денсаулықты нығайтуда ұлттық ойындарды енгізе отырып ұйымдастыру абзал. Ұлттық ойындар баланың жинақтылығын, зейінін, ойлау белсенділігін және есте сақтау қабілетін қажет етеді.

Дене шынықтыруды нығайту үрдісінде балалардың ойлау қабілеттерін, рухани эстетикалық талғамдарын, өз денсаулығын, алға қойған мақсаттарын, ұйымдастырушылық және ақ көңілдік қасиеттері қалыптасады. Балалардың барлығы тәрбие үрдісінде денсаулықтарын нығайтуға және жеке жан-жақты дамуына үлесін қосады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын-сауықтар балалардың ой-санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Балалардың денсаулығын шынықтыру мақсатында «Дарабоз» ұлттық ойыны – денсаулық кепілі» «Ойынмен шынығамыз» т.б. тақырыптарда ойын-сауықтар ұйымдастырдым. Балалармен сауықтыру мен шынықтыру шаралары жыл бойына жүргізіліп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың көбі суық тию ауруларымен жиі аурады. Бала ағзасына теріс ықпалын тигізетін әсерден сақтау үшін іс-шаралар таза ауада өтуі шарт. Ол баланың өзгерісті жағдайларға төселген реакцияларының қалыптасуына көмектеседі, яғни оның ағзасын шынықтырады. Қысқы ойын түрлерінен спорттық жарыстар, мерекелік шаралар ұйымдастыру - балалар бойына қуанышты көңіл-күй сыйлайды. Қысқы жарыстар көбірек ұйымдастыру, оны жоспарлау, іс-шара өткізілетін ойын алаңдарын дайындау - балалардың ойынға деген қызығушылығын арттырады сөзсіз.

Балалардың ұлттық ойындарды ойнай отырып, меңгеруі, ойнау қабілеті, қимыл белсенділіктері артады. Ұлттық ойындарды тәрбие мен оқыту процесінде қолдану нәтижесінде:

- Балалардың көңіл-күйі көтеріледі;

- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- қимыл белсенділіктері артады;
- қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады;
- ептілік, шыдамдылық, икемділік, мергендік т.б. қасиеттері қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойындарды меңгерудегі іскерліктері мен дағдыларының даму деңгейлері критерийі:

I деңгей – Балалар ұлттық ойынның аттарын суреттерден атаған кезде үнемі үлкендердің көмегін қажет етеді (Қыз қуу, Көкпар, «Айгөлек», «Арқан тарту» т.б.). Бала ұлттық ойын түрлерін толық айыра алмайды. Ұлттық ойындарды ойнау барысында қызығушылығы төмен. Асық ойындары, т.б. ұлттық ойындарды ойнау барысында үлкендердің көмегін қажет етеді. Қимыл-қозғалыстары баяу, танымдық қабілеттері төмен.

II деңгей – Балалар ұлттық ойындардың аттарын суреттерден атаған кезде кей жағдайда үлкендердің көмегін қажет етеді (Қыз қуу, Көкпар, «Айгөлек», «Арқан тарту» т.б.). Бала ұлттық ойын түрлерінде кейбір ойындарды атауда шатасады. Ұлттық ойындарды ойнау барысында қызығушылығы бар. Асық ойындары, т.б. ұлттық ойындарды ойнау барысында үлкендердің көмегін қажет етеді. Қимыл-қозғалыстары қалыпты деңгейде, танымдық қабілеттері орташа.

III деңгей – Балалар ұлттық ойындардың аттарын суреттерден ойналу жолдарын да түсіндіре алады. (көкпар – атқа мініп ойнайтын ойын т.б. «Соқыр теке» ойынын ойнағанда «соқыр текенің» көзі байланады т.б.). Бала ұлттық ойын аттарын айыра алады. Ұлттық ойындарды ойнау барысында қызығушылығы жоғары, үнемі белсенділік танытып отырады. Асық ойындары, т.б. ұлттық ойындарды ережелерін сақтай отырып ойнайды. Қимыл-қозғалыстары белсенділіктері, ептілік, шапшандық т.б. қасиеттері қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Ақорда, 12 сәуір 2017.
2. Аймауытұлы Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995-312 б.
3. Құлжанова Н. Халқыма деп іс-қылдым. - Алматы: Рауан, 1993- 163 б.
4. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы: оқу құралы. - Алматы: Білім, 2003- 280 б.
5. Мид М. Культура и мир детства. – М., 1988 -428 б.
6. Диваев Ә. Игры киргизская детей // Тургайская газета. - 1905. - №152.
7. Ақ сандық, көк сандық // Құраст: Ш.Ибраев-Алматы: Жазушы, 1988.-255 б.
8. Әйіпқалиева Г. Қазақ ұлттық ойындарының топтастырылуы және олардың сипаттамасы [Электронды қор] <https://oqu-zaman.kz/?p=19202>
9. Бадел А. Қазақ этнопедагогикасы – тәрбие басауы. Әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан, 2020- 226 б 10. Болғанбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. - Алматы, 1985-81 б.

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ПЕРЕДОВОЙ ОПЫТ

«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» байқауының республикалық кезеңінің қорытындысы

БАС ЖҮЛДЕ



Нурсейтова Айжан Айтжановна

Алматы қаласы, № 156 бөбекжай –
балабақшасының тәрбиешісі



I орын

Урнғалиева Зуря Айтқуловна

Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы, № 3 «Елочка»
бөбекжайының тәрбиешісі



I орын

Абдуайтова Элеонора Ондасынқызы

Қызылорда облысы, Жалағаш
ауданы, № 19 санаторлық
бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі




I орын

Габидуллина Анара Анауарбековна

Ақмола облысы, Целиноград
ауданы, Ақмол ауылы, «Жұлдыз»
балабақшасының дене
шынықтыру нұсқаушысы





II орын

Дегтярева Елена Леонидовна

Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, «Балдырған» арнайы балабақшасының логопед-мұғалімі



II орын

Умбетова Балжан Кенжеболатовна

Жамбыл облысы, Тараз қаласы, №8 бөбекжай-бақшасының қазақ тілі маманы



II орын

Бекшойнова Арай Еркінбекқызы

Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, «Еңлік» бөбекжайының музыка жетекшісі





III орын

**Кудрявцева
Татьяна Викторовна**

Қостанай облысы, Қостанай қаласы, № 15 бөбекжайының тәрбиешісі



III орын

**Душабаева
Асел
Шадьмахаматовна**

Жетісу облысы, Панфилов ауданы, «Арай» балабақшасының тәрбиешісі



III орын

**Сырымбаева
Макпал Егеубаевна**

Павлодар облысы, Павлодар қаласының №8 сәбилер бақшасының тәрбиешісі



III орын

**Ибрагимова
Сандугаш
Наримановна**

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы «Ақерке» бөбекжайының тәрбиешісі





**«Шебер педагог»
номинациясы бойынша
Шарланова Анар Каримовна**

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, № 4 «Аққу»
бөбекжайының музыка жетекшісі



**«Шебер педагог»
номинациясы бойынша
Саликова Акку Аскеновна**

Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы,
«Айнагүл» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі



**«Креативті педагог»
номинациясы бойынша
Ерсұлтан Аида Абайқызы**

Шымкент қаласы, № 61 «Нұртас» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі



«Креативті педагог» номинациясы бойынша

**Сахибеденова
Қарлығаш Салауатқызы**

Атырау облысы, Исатай ауданы,
«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының
логопед-дефектологы



«Өнерлі педагог» номинациясы бойынша

**Отызбекова
Айнур Мухамадкаримовна**

Астана қаласы, № 44 «Үркер» балабақшасының
тәрбиешісі



«Жаңашыл педагог» номинациясы бойынша

Нусипова Куаныш Нуржауовна

Алматы облысы, Кеген ауданы, «Балауса»
бөбекжай-балалар бақшасының тәрбиешісі



**«Жаңашыл педагог»
номинациясы бойынша**

**Қолдауова
Ақниет Нұрлыбайқызы**

Ақтөбе облысы, Алға ауданы, № 2 «Айгөлек»
бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі



**«Жаңашыл педагог»
номинациясы бойынша**

Жапарова Самал Алтымбековна

Абай облысы, Бесқарағай ауданы, «Беген
орта мектебі» КММ «Балауса» шағын
орталығының тәрбиешісі



**«Жаңашыл педагог»
номинациясы бойынша**

**Гуляренко
Татьяна Владимировна**

Қазақстан Республикасы Президенті Іс
басқармасы Медициналық орталығының
«Қарлығаш» балабақшасының дене
шынықтыру нұсқаушысы

**ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

www.irrd.kz
«Балаларды ерте дамыту институты» РММ
Астана қаласы, Түркістан. 8
e-mail: rcdd_info@mail.ru